Листок-вкладыш – информация для пациента

Эрлис long 5 мг таблетки, покрытые пленочной оболочкой

Эрлис long 10 мг таблетки, покрытые пленочной оболочкой

Эрлис long 20 мг таблетки, покрытые пленочной оболочкой

Действующее вещество: Тадалафил

Перед приемом препарата полностью прочитайте листок-вкладыш, поскольку в нем содержатся важные для Вас сведения.

Сохраните листок-вкладыш. Возможно, Вам потребуется прочитать его еще раз.

Если у Вас возникли дополнительные вопросы, обратитесь к лечащему врачу.

Препарат назначен именно Вам. Не передавайте его другим людям. Он может навредить им, даже если симптомы их заболевания совпадают с Вашими.

Если у Вас возникли какие-либо нежелательные реакции, обратитесь к лечащему врачу или работнику аптеки. Данная рекомендация распространяется на любые возможные нежелательные реакции, в том числе на не перечисленные в разделе 4 листка-вкладыша.

Содержание листка-вкладыша

1. Что из себя представляет препарат Эрлис long, и для чего его применяют.
2. О чем следует знать перед приемом препарата Эрлис long.
3. Прием препарата Эрлис long.
4. Возможные нежелательные реакции.
5. Хранение препарата Эрлис long.
6. Содержимое упаковки и прочие сведения.

1. Что из себя представляет препарат Эрлис long, и для чего его применяют

Эрлис long содержит активное вещество тадалафил, принадлежащее к группе лекарственных средств, называемых ингибиторами фосфодиэстеразы типа 5.

Эрлис long улучшает кровоток предстательной железы и мочевого пузыря, расслабляет мышцы этих органов, уменьшая симптомы доброкачественной гиперплазии предстательной железы через 1-2 недели после начала лечения.

После сексуальной стимуляции Эрлис long помогает кровеносным сосудам расслабиться, позволяя крови поступать в половой член. Результатом этого является улучшение эректильной функции. Эрлис long не поможет Вам, если у Вас нет эректильной дисфункции.

Показания к применению:

Эрлис long применяется для лечения взрослых мужчин с:

- эректильной дисфункцией;

  Для проявления эффекта тадалафила в лечении эректильной дисфункции необходима сексуальная стимуляция.

- симптомами нарушения мочеиспускания, связанными с распространенным состоянием,

которое носит название доброкачественной гиперплазии предстательной железы (только Эрлис long 5 мг).

Эрлис long не предназначен для применения лицами женского пола.

Если улучшение не наступило или Вы чувствуете ухудшение, необходимо обратиться к врачу.

2. О чем следует знать перед приемом препарата Эрлис long

Противопоказания

Не принимайте Эрлис long:

- если у Вас аллергия на тадалафил или любые другие компоненты препарата (перечисленные в разделе 6 листка-вкладыша);
- если Вы в любой форме принимаете органические нитраты или препараты, являющиеся донорами оксида азота, такие как амилнитрит. Лекарственные препараты данной группы («нитраты») используются для лечения стенокардии («боли в грудной клетке»). Было показано, что применение тадалафила усиливает эффект данных препаратов. Если Вы принимаете нитраты в какой-либо форме или не уверены в этом, сообщите об этом своему врачу;
- если Вы страдаете серьезным заболеванием сердца или в течение последних 90 дней перенесли сердечный приступ;
- если у Вас нестабильная стенокардия;
- если у Вас сердечная недостаточность;
- если Вы в течение последних 6 месяцев перенесли инсульт;
- если у Вас низкое артериальное давление или неконтролируемое высокое артериальное давление или аритмия;
- если Вы когда-либо теряли зрение из-за неартериальной передней ишемической оптической нейропатии (НПИОН), состояния, которое описывается как «инсульт глаза»;
- если Вы принимаете риоцигулат. Этот лекарственный препарат используется для лечения легочной артериальной гипертензии (т.е. повышенного артериального давления в легких) и хронической тромбоэмболической легочной гипертензии (т.е. повышенного артериального давления в легких из-за образования кровяных сгустков). Было показано, что такие ингибиторы ФДЭ5, как тадалафил, усиливают гипотензивное действие данного лекарственного препарата. Если Вы принимаете риоцигулат или не уверены в этом, сообщите об этом своему врачу.

Если любое из вышеперечисленного применимо к Вам, не принимайте Эрлис long и обратитесь к врачу.

Особые указания и меры предосторожности

Перед приемом препарата Эрлис long проконсультируйтесь с лечащим врачом:

Следует помнить, что сексуальная активность несет определенный риск для пациентов с заболеваниями сердца, поскольку при этом возникает дополнительная нагрузка на сердце. Если у Вас имеются нарушения работы сердца, Вы должны сообщить об этом своему врачу.

Перед тем, как принимать таблетки, сообщите своему врачу, если у Вас имеются:

- серповидно-клеточная анемия (аномалия красных клеток крови (эритроцитов));

- множественная миелома (рак костного мозга);
- лейкоз (рак из клеток крови);
- любые деформации полового члена;
- серьезные нарушения функции печени;
- серьезные нарушения функции почек.

Неизвестно, насколько эффективно применение препарата Эрлис long у пациентов, которые перенесли:

- оперативные вмешательства на органах малого таза;
- удаление всей предстательной железы целиком или ее части, когда при этом пересекаются нервы предстательной железы (радикальная простатэктомия без сохранения нервных окончаний).

Если во время приема препарата Эрлис long у Вас внезапно произошло ухудшение или возникла потеря зрения, либо изображение нечеткое или тусклое, прекратите принимать данный препарат и немедленно обратитесь к своему врачу.

У некоторых пациентов, которые принимали тадалафил, было отмечено ухудшение или внезапная потеря слуха. И хотя неизвестно, связано ли данное явление с приемом тадалафила, если у Вас произошло ухудшение или внезапная потеря слуха, прекратите принимать препарат Эрлис long и немедленно обратитесь к своему врачу.

Эрлис long не предназначен для применения у женщин.

Если любое из вышеперечисленного применимо к Вам, не принимайте Эрлис long и обратитесь к врачу.

Дети и подростки

Эрлис long не предназначен для применения у детей и подростков младше 18 лет.

Другие препараты и препарат Эрлис long

Сообщите лечащему врачу о том, что Вы принимаете, недавно принимали или можете начать принимать какие-либо другие препараты.

Не принимайте Эрлис long, если Вы уже принимаете нитраты.

Эрлис long может негативно влиять на действие некоторых лекарственных препаратов или эти препараты могут повлиять на эффективность действия препарата Эрлис long.

Сообщите своему врачу, если Вы уже принимаете:

- альфа-блокаторы (которые используются для лечения в случае повышенного артериального давления или нарушения мочеиспускания в случае доброкачественной гиперплазии предстательной железы)
- другие лекарственные препараты, которые применяются для лечения повышенного артериального давления
- риоцигулат
- ингибиторы 5-альфа-редуктазы (которые применяются для лечения доброкачественной гиперплазии предстательной железы)
- такие лекарственные препараты, как кетоконазол (для лечения грибковых инфекций) и ингибиторы протеаз, применяемые для лечения СПИД и ВИЧ-инфекции

- фенобарбитал, фенитоин и карбамазепин (противосудорожные препараты)
- рифампицин, эритромицин, кларитромицин или итраконазол
- другие препараты для лечения эректильной дисфункции.

Препарат Эрлис long с пищей и напитками

Информация по воздействию алкоголя приведена в разделе 3. Грейпфрутовый сок может повлиять на эффективность действия препарата Эрлис long, поэтому его следует употреблять с осторожностью. Для получения дополнительной информации обратитесь к лечащему врачу.

Фертильность

При воздействии препарата на организм собак у них было отмечено уменьшение выработки спермы в яичках. Уменьшение количества спермы было отмечено и у некоторых мужчин. Вероятность того, что эти эффекты приведут к снижению фертильности, низкая.

Управление транспортными средствами и работа с механизмами

Некоторые мужчины, которые получали препарат Эрлис long в рамках проведения клинических исследований, сообщали о возникновении головокружения. Перед тем, как управлять транспортными средствами или механизмами, проверьте свою реакцию на этот препарат.

Препарат Эрлис long содержит лактозу и натрий

Если лечащий врач сообщил, что у Вас непереносимость некоторых сахаров, перед приемом данного лекарственного препарата обратитесь к лечащему врачу.

Данный лекарственный препарат содержит менее 1 ммоль (23 мг) натрия в одной таблетке, покрытой оболочкой, то есть по сути, «не содержит натрия».

3. Прием препарата Эрлис long

Всегда принимайте препарат в полном соответствии с рекомендациями лечащего врача. При появлении сомнений посоветуйтесь с лечащим врачом.

Рекомендуемая доза

- **Для лечения эректильной дисфункции**

Рекомендованная начальная доза препарата составляет одну таблетку 10 мг до ожидаемой сексуальной активности. Врач прописал Вам препарат в дозе 20 мг, если доза 10 мг тадалафила не дала достаточного эффекта. Принимать препарат следует как минимум за 30 минут до сексуальной активности. Эрлис long может быть еще эффективный до 36 часов после приема таблетки. Не принимайте препарат чаще одного раза в сутки.

Эрлис long в дозах 10 мг и 20 мг предназначен для приема до ожидаемой сексуальной активности и не рекомендован для постоянного ежедневного применения.

Тем мужчинам, которые рассчитывают на сексуальный контакт два или более раза в неделю может подойти ежедневный прием препарата Эрлис long. Для таких пациентов рекомендованная доза составляет одну таблетку 5 мг один раз в сутки, которую следует принимать приблизительно в одно и то же время суток. Ваш врач может откорректировать дозу препарата, снизив ее до 2,5 мг, исходя из реакции Вашего организма на Эрлис long. В таком случае тадалафил будет назначен в таблетках по 2,5 мг.

Важно отметить, что Эрлис long не действует при отсутствии сексуальной стимуляции. Вам и

Вашей партнерше понадобятся предварительные ласки, точно так, как и в том случае, если бы Вы не принимали препарат от эректильной дисфункции.

Употребление алкоголя может негативно сказаться на Вашей способности к достижению эрекции и временно снизить у Вас уровень артериального давления. Если Вы приняли или планируете принять Эрлис long, избегайте избыточного употребления спиртных напитков (с достижением уровня алкоголя в крови 0,08% или выше), поскольку это может повысить риск возникновения головокружения при переходе в вертикальное положение.

- **Для лечения доброкачественной гиперплазии предстательной железы (Эрлис long 5 мг)**

Доза препарата составляет одну таблетку 5 мг один раз в сутки, которую следует принимать приблизительно в одно и то же время суток. Если у Вас одновременно имеются доброкачественная гиперплазия предстательной железы и эректильная дисфункция, доза препарата будет по-прежнему составлять одну таблетку 5 мг, которую следует принимать один раз в сутки.

Не принимайте препарат Эрлис long чаще одного раза в сутки.

Путь и (или) способ введения

Таблетки препарата Эрлис long предназначены для приема внутрь только у мужчин. Таблетку проглатывают целиком, запивая небольшим количеством воды. Таблетки можно принимать независимо от приема пищи.

Если Вы приняли препарата Эрлис long больше, чем следовало

Сообщите об этом лечащему врачу. У Вас могут возникнуть нежелательные реакции, которые описаны в разделе 4.

Если Вы забыли принять препарат Эрлис long

Примите дозу препарата сразу после того, как вспомните об этом, но не принимайте двойную дозу, чтобы компенсировать пропущенную таблетку. Не следует принимать препарат Эрлис long чаще одного раза в сутки.

При наличии вопросов по применению препарата обратитесь к лечащему врачу.

4. Возможные нежелательные реакции

Подобно всем лекарственным препаратам, препарат может вызывать нежелательные реакции, однако они возникают не у всех.

Если у Вас появляется любой из следующих нежелательных реакций, прекратите принимать препарат Эрлис long и немедленно обратитесь за медицинской помощью:

- аллергическая реакция, включая сыпь (нечасто)
- боль в грудной клетке – не используйте нитраты, но немедленно обратитесь за медицинской помощью (нечасто)
- приапизм, длительная и, возможно, болезненная эрекция после приема препарата Эрлис long (редко). Если у Вас возникла такая эрекция, которая непрерывно длится более 4 часов, Вам следует немедленно обратиться к врачу.
- внезапная потеря зрения (редко), искаженное, тусклое, нечеткое центральное зрение или внезапное снижение зрения (частота неизвестна).

Другие зарегистрированные нежелательные реакции:

Часто (могут возникать не более чем у 1 человека из 10):

- головная боль, боль в спине, боль в мышцах, боль в верхних и нижних конечностях, приливы крови к лицу, заложенность носа и нарушение пищеварения.

Нечасто (могут возникать не более чем у 1 человека из 100):

- головная боль, боль в желудке, ощущение тошноты, рвота, рефлюкс, затуманенность зрения, боль в глазах, затрудненное дыхание, наличие крови в моче, продолжительная эрекция, ощущение усиления сердцебиения, учащенное сердцебиение, повышенное артериальное давление, пониженное артериальное давление, носовые кровотечения, звон в ушах, отечность кистей рук, стоп и области голеностопных суставов, ощущение усталости.

Редко (могут возникать не более чем у 1 человека из 1 000):

- обмороки, судороги и потеря памяти о прошедших событиях, отек век, покраснение глаз, внезапное ухудшение или потеря слуха, крапивница (зудящие красные пятна на поверхности кожи), кровотечение из полового члена, наличие крови в сперме и повышенное потоотделение.

У мужчин, которые принимали тадалафил, также редко регистрировали случаи сердечных приступов или инсультов. У большинства этих мужчин нарушения деятельности сердца имелись еще до начала приема данного препарата.

Частичное временное или постоянное ухудшение либо потеря зрения в одном или обоих глазах отмечались редко.

У мужчин, которые принимали тадалафил, отмечались некоторые дополнительные нежелательные реакции, которые не были зарегистрированы во время проведения клинических исследований. Они включают:

- искаженное, тусклое, нечеткое центральное зрение или внезапное снижение зрения (частота неизвестна)

- мигрень, отек лица, серьезная аллергическая реакция, которая вызывает отек лица или горла, серьезные кожные высыпания, некоторые нарушения, влияющие на кровоток в глазах, нерегулярные сердечные сокращения, стенокардия и внезапная сердечная смерть.

Нежелательную реакцию «головокружение» чаще мужчин старше 75 лет, принимавших тадалафил. Возникновение диареи чаще отмечали у тех принимавших тадалафил мужчин, которые были старше 65 лет.

Сообщение о нежелательных реакциях

Если у Вас возникают какие-либо нежелательные реакции, проконсультируйтесь с врачом или работником аптеки. Данная рекомендация распространяется на любые возможные нежелательные реакции, в том числе на не перечисленные в листке-вкладыше. Вы также можете сообщить о нежелательных реакциях напрямую через систему сообщений государств – членов Евразийского экономического союза. Сообщая о нежелательных реакциях, Вы помогаете получить больше сведений о безопасности препарата.

Республика Казахстан

РГП на ПХВ «Национальный центр экспертизы лекарственных средств и медицинских изделий» Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан

Адрес: 010000, г. Астана, ул. А. Иманова, 13

Телефон: +7 (7172) 23-51-35

Электронная почта: pdlc@dari.kz

Сайт: http://www.ndda.kz

5. Хранение препарата Эрлис long

Храните лекарственный препарат в недоступном для детей месте.

Не применяйте препарат после истечения срока годности (срока хранения), указанного на картонной пачке и блистере. Датой истечения срока годности является последний день данного месяца.

Срок хранения – 3 года. Хранить при температуре не выше 25°С.

Не выбрасывайте (не выливайте) препараты в канализацию. Уточните у работника аптеки как следует утилизировать (уничтожать) препараты, которые больше не потребуются. Эти меры позволят защитить окружающую среду.

6. Содержимое упаковки и прочие сведения

Препарат Эрлис long содержит

Действующим веществом является тадалафил.

Эрлис long 5 мг: Каждая таблетка содержит 5 мг тадалафила.

Эрлис long 10 мг: Каждая таблетка содержит 10 мг тадалафила.

Эрлис long 20 мг: Каждая таблетка содержит 20 мг тадалафила.

Прочими ингредиентами (вспомогательными веществами) являются: лактозы моногидрат, микрокристаллическая целлюлоза, повидон К-30, полоксамер 188, натрия лаурилсульфат, кроскармеллоза натрия, кремния диоксид коллоидный безводный, магния стеарат, поливиниловый спирт, макрогол, тальк, титана диоксид (Е171), железа оксид желтый (Е172) и железа оксид красный (Е172).

Внешний вид препарата Эрлис long и содержимое упаковки

Таблетки, покрытые пленочной оболочкой.

Эрлис long 5 мг: продолговатые двояковыпуклые таблетки, покрытые пленочной оболочкой светло-коричневого цвета.

Эрлис long 10 мг: продолговатые, двояковыпуклые таблетки, покрытые пленочной оболочкой светло-оранжевого цвета, с риской с одной стороны. Риска не предназначена для разделения таблетки.

Эрлис long 20 мг: продолговатые, двояковыпуклые таблетки, покрытые пленочной оболочкой светло-розового цвета, с риской с одной стороны. Риска не предназначена для разделения таблетки.

По 1, 4 или 14 таблеток помещают в контурную ячейковую упаковку из пленки поливинилхлоридной и фольги алюминиевой. По 1 или 2 контурные упаковки вместе с листком-вкладышем помещают в картонную пачку.

Категория отпуска лекарственного препарата

Лекарственный препарат относится к категории отпуска по рецепту.

Держатель регистрационного удостоверения

Республика Казахстан

Акционерное общество «Химфарм» (АО «Химфарм»)

160019, г. Шымкент, ул. Рашидова, 81

Номер телефона: +7 (7252) 61-01-51

Номер автоответчика: +7 (7252) 56-13-42

Адрес электронной почты: complaints@santo.kz

Производитель

Польша

Фармацевтический завод «ПОЛЬФАРМА» АО

Производственный отдел в Новой Дембе

ул. Металовца 2, 39-460 Нова Демба

За любой информацией о препарате следует обращаться к местному представителю держателя регистрационного удостоверения:

Республика Казахстан

Акционерное общество «Химфарм» (АО «Химфарм»)

160019, г. Шымкент, ул. Рашидова, 81

Номер телефона: +7 (7252) 61-01-50

Номер автоответчика: +7 (7252) 56-13-42

Адрес электронной почты: complaints@santo.kz; phv@santo.kz

Прочие источники информации

Подробные сведения о данном препарате содержатся в едином реестре зарегистрированных лекарственных средств http://eec.eaeunion.org/.

ТІГІЛГЕН, НӨМІРЛЕНГЕН ЖӘНЕ МӨРМЕН БЕКІТІЛГЕН /
ПРОШИТО, ПРОНУМЕРОВАНО И СКРЕПЛЕНО ПЕЧАТЬЮ
_____ (на 9 листах)
ПАРАҚ / ЛИСТОВ
КҮНІ / ДАТА 27.02.2026



Қосымша парақ - пациентке арналған ақпарат

Эрлис long 5 мг үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар
Эрлис long 10 мг үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар
Эрлис long 20 мг үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар
Әсер етуші зат: Тадалафил

Препаратты қабылдағанға дейін қосымша парақты толығымен оқып шығыңыз, өйткені онда Сіз үшін маңызды ақпарат бар.
Қосымша парақты сақтаңыз. Сізге оны тағы бір рет оқу қажет болуы мүмкін.
Егер сізде қосымша сұрақтар туындаса, емдеуші дәрігерге хабарласыңыз.
Препарат тура сізге тағайындалды. Оны басқа адамдарға бермеңіз. Бұл олардың ауруының симптомдары Сіздікіне сәйкес келсе де, оларға зиян тигізуі мүмкін.
Егер сізде қандай да бір жағымсыз реакциялар пайда болса, емдеуші дәрігерге немесе дәріхана қызметкеріне хабарласыңыз. Осы нұсқау кез келген ықтимал жағымсыз реакцияларға, оның ішінде қосымша парақтың 4-бөлімінде аталмаған реакцияларға қолданылады.

Қосымша парақтың мазмұны

1. Эрлис long препараты дегеніміз не және ол не үшін қолданылады.
2. Эрлис long препаратын қабылдағанға дейін не білу керек.
3. Эрлис long препаратын қабылдау.
4. Ықтимал жағымсыз реакциялар.
5. Эрлис long препаратын сақтау.
6. Қаптаманың ішіндегісі және өзге де мәліметтер.

1. Эрлис long препараты дегеніміз не және ол не үшін қолданылады

Эрлис long құрамында 5 типті фосфодиэстераза тежегіштері деп аталатын дәрілік заттар тобына жататын әсер етуші зат тадалафил бар.
Эрлис long қуық асты безі мен қуықтың қан ағымын жақсартады, осы ағзалардың бұлшықеттерін босаңсытады, емдеу басталғаннан кейін 1-2 аптадан соң қуық асты безінің қатерсіз гиперплазиясының симптомдарын азайтады.
Жыныстық стимуляциядан кейін Эрлис long қан тамырларының босаңсуына көмектеседі, бұл қанның жыныс мүшесіне енуіне мүмкіндік береді. Мұның нәтижесі эректильді функцияның жақсаруы болып табылады. Егер Сізде эректильді дисфункция болмаса, Эрлис long сізге көмектеспейді.

Қолданылуы:
Эрлис long ересек еркектерде мыналарды емдеу үшін қолданылады:
- эректильді дисфункция
  Эректильді дисфункцияны емдеуде тадалафилдің әсері білінуі үшін

сексуалдық стимуляция қажет.

- қуық асты безінің қатерсіз гиперплазиясы деп аталатын кең таралған жағдайға байланысты несеп шығарудың бұзылу симптомдары (тек Эрлис long 5мг).

Эрлис long әйел адамдарға қолдануға арналмаған.
Егер жақсару болмаса немесе сіз жағдайыңыздың нашарлағанын сезінсеңіз, дәрігермен кеңесу керек.

2. Эрлис long препаратын қабылдағанға дейін не білу керек

Қолдануға болмайтын жағдайлар
Эрлис long қабылдамаңыз:

- егер Сізде тадалафилге немесе препараттың кез келген басқа компоненттеріне аллергия болса (қосымша парақтың 6 бөлімінде тізілген)
- егер Сіз органикалық нитраттарды немесе амил нитрит сияқты азот оксидінің доноры болып табылатын препараттарды кез келген түрде қабылдасаңыз. Осы топтағы дәрілік препараттар («нитраттар») стенокардияны («көкірек қуысындағы ауыру») емдеу үшін қолданылады. Тадалафилді қолдану осы препараттардың әсерін күшейтетіні көрсетілген Егер Сіз нитраттарды қандай да бір түрде қабылдасаңыз немесе оған сенімді болмасаңыз, дәрігеріңізге хабарлаңыз.
- егер Сізде жүректің күрделі ауруы болса немесе соңғы 90 күн ішінде жүрек ұстамасын бастан өткерсеңіз
- егер Сізде тұрақсыз стенокардия болса;
- егер Сізде жүрек жеткіліксіздігі болса;
- егер Сіз соңғы 6 айда инсульт алған болсаңыз
- егер Сізде төмен артериялық қысым немесе бақыланбайтын жоғары артериялық қысым болса
- егер Сіз артериялық емес алдыңғы ишемиялық оптикалық нейропатиядан (ААИОН), «көз инсульті» ретінде сипатталған жағдаймен көру қабілетіңізді жоғалтқан болсаңыз
- егер Сіз риоцигулат қабылдап жүрсеңіз. Бұл дәрілік препарат өкпе артериялық гипертензиясын (яғни өкпедегі жоғары артериялық қысымды) және созылмалы тромбоэмболиялық өкпе гипертензиясын (яғни қан ұйындыларының пайда болуына байланысты өкпедегі жоғары артериялық қысымды) емдеу үшін қолданылады. Тадалафил сияқты ФДЭ5 тежегіштері осы дәрілік препараттың гипотензиялық әсерін күшейтетіні көрсетілген. Егер Сіз риоцигулат қабылдасаңыз немесе оған сенімді болмасаңыз, өз дәрігеріңізге хабарлаңыз.

Егер жоғарыда айтылғандардың кез келгені Сізге қатысты болса, Эрлис long қабылдамаңыз және дәрігерге қаралыңыз.

Айрықша нұсқаулар және сақтық шаралары
Эрлис long препаратын қабылдағанға дейін емдеуші дәрігермен кеңесіңіз:

Жыныстық белсенділік жүрек ауруы бар пациенттер үшін белгілі бір қауіп төндіретінін есте ұстаған жөн, өйткені бұл кезде жүрекке қосымша жүктеме түседі. Егер Сізде жүрек қызметі бұзылса, бұл туралы Сіз дәрігеріңізге хабарлауыңыз керек.
Таблеткаларды қабылдамас бұрын, егер Сізде мыналар болса, дәрігерге хабарлаңыз:

- орақ-жасушалы анемия (қызыл қан жасушаларының (эритроциттердің) аномалиясы);
- көптеген миелома (сүйек кемігінің обыры);
- лейкоз (қан жасушаларының обыры);
- жыныс мүшесінің кез келген деформациясы;
- бауыр функциясының күрделі бұзылуы;
- бүйрек функциясының күрделі бұзылуы.

Эрлис long препаратын қолдану пациенттерде қаншалықты тиімді екендігі белгісіз:

- кіші жамбас ағзаларына операциялық араласу;
- қуық асты безінің жүйкелері қиылысқан кезде бүкіл қуық асты безін немесе оның бір бөлігін алып тастау (жүйке ұштарын сақтамай радикалды простатэктомия).

Егер Сіз Эрлис long препаратын қабылдаған кезде кенеттен нашарласаңыз немесе көрмей қалсаңыз немесе кескін бұлыңғыр немесе күңгірт болса, бұл препаратты қабылдауды тоқтатып, дереу өз дәрігеріңізге хабарласыңыз.
Тадалафил қабылдаған кейбір пациенттерде кенеттен естімей қалу немесе нашарлауы байқалды. Бұл құбылыстың тадалафилді қабылдаумен байланысты екендігі белгісіз болса да, егер Сізде кенеттен естімей қалу немесе нашарлауы болса, Эрлис long препаратын қабылдауды тоқтатып, дереу өз дәрігеріңізге хабарласыңыз.
Эрлис long әйелдерге қолдануға арналмаған.

Егер жоғарыда айтылғандардың кез келгені Сізге қатысты болса, Эрлис long қабылдамаңыз және дәрігерге қаралыңыз.

Балалар мен жасөспірімдер
Эрлис Лонг балалар мен 18 жасқа дейінгі жасөспірімдерге қолдануға арналмаған.

Басқа препараттар және Эрлис long препараты
Емдеуші дәрігерге басқа препараттар қабылдағаныңыз, жақында қабылдағаныңыз немесе қабылдауды бастауыңыз мүмкін екенін айтыңыз.
Егер Сіз нитраттарды қабылдап жүрсеңіз, Эрлис long қабылдамаңыз.
Эрлис long кейбір дәрілік препараттардың әсеріне теріс ықпал етуі мүмкін немесе бұл препараттар Эрлис long әсерінің тиімділігіне ықпал етуі мүмкін.
Егер Сіз мыналарды қабылдап жүрсеңіз, өз дәрігеріңізге хабарлаңыз:

- альфа-блокаторлар (олар жоғары артериялық қысым немесе қуық асты безінің қатерсіз гиперплазиясы жағдайында несеп шығарудың бұзылуы жағдайында емдеу үшін қолданылады)
- жоғары артериялық қысымды емдеу үшін қолданылатын басқа дәрілік препараттар
- риоцигулат
- 5-альфа-редуктаза тежегіштері (қуық асты безінің қатерсіз гиперплазиясын емдеу үшін қолданылады)
- кетоконазол (зеңдік инфекцияны емдеу үшін) мен ЖИТС және АИТВ-инфекцияны емдеу үшін қолданылатын протеаза тежегіштері сияқты дәрілік препараттар
- фенобарбитал, фенитоин және карбамазепин (құрысуға қарсы препараттар)
- рифампицин, эритромицин, кларитромицин немесе итраконазол
- эректильді дисфункцияны емдеуге арналған басқа препараттар.

Эрлис long препаратын тамақпен және сусындармен қабылдау
Алкогольдің әсері туралы ақпарат 3-бөлімде келтірілген. Грейпфрут шырыны Эрлис long препаратының тиімділігіне әсер етуі мүмкін, сондықтан оны сақтықпен тұтыну керек. Қосымша ақпарат алу үшін емдеуші дәрігеріңізге хабарласыңыз.

Фертильділік
Препарат иттердің организміне әсер еткенде, олардың аталық безінде сперматозоидтар түзілуінің төмендеуі байқалды. Кейбір еркектерде сперма мөлшерінің азаюы байқалды. Бұл әсерлердің фертильділіктің төмендеуіне әкелу ықтималдығы төмен.

Көлік құралдарын басқару және механизмдермен жұмыс істеу
Клиникалық зерттеулердің бір бөлігі ретінде Эрлис long препаратын қабылдаған кейбір еркектер бас айналудың пайда болғанын хабарлады. Көлік құралдарын немесе механизмдерді басқарар алдында осы препаратқа реакцияңызды тексеріңіз.

Эрлис long препаратында лактоза мен натрий бар
Егер Сізде қанттың кейбір түрлеріне жақпаушылығыңыз болса, бұл дәрілік затты қабылдауды бастамас бұрын өз дәрігеріңізге хабарлаңыз.

Дәрілік препараттың қабықпен қапталған бір таблеткасының құрамында 1 ммольден (23 мг) аз натрий бар, яғни іс жүзінде оның «құрамында натрий жоқ» деп саналады.

3. Эрлис long препаратын қабылдау

Препаратты әрқашан емдеуші дәрігердің нұсқауларына сәйкес қолданыңыз. Күдіктер пайда болған жағдайда емдеуші дәрігермен кеңесіңіз.

Ұсынылатын доза

- **Эректильді дисфункцияны емдеу үшін**

Препараттың ұсынылған бастапқы дозасы күтілетін жыныстық белсенділікке дейін 10 мг бір таблеткадан тұрады. Егер 10 мг тадалафил дозасы жеткілікті әсер етпесе, дәрігер Сізге препаратты 20 мг дозада тағайындады. Препаратты жыныстық белсенділіктен кемінде 30 минут бұрын қабылдау керек. Эрлис long таблетканы қабылдағаннан кейін 36 сағатқа дейін әлі де тиімді болуы мүмкін. Препаратты тәулігіне бір реттен артық қабылдамаңыз.
Эрлис long 10 мг және 20 мг дозада күтілетін жыныстық белсенділікке дейін қабылдауға арналған және күнделікті қолдануға ұсынылмайды.

Аптасына екі немесе одан да көп рет жыныстық қатынасқа түсем деп ойлайтын еркектер үшін Эрлис long препаратын күнделікті қабылдау қолайлы болуы мүмкін. Мұндай пациенттер үшін ұсынылған доза тәулігіне бір рет 5 мг бір таблеткадан тұрады, оны тәуліктің бір мезгілінде қабылдау керек. Дәрігер сіздің организміңіздің Эрлис long препаратына реакция негізінде препараттың дозасын 2,5 мг-ға дейін төмендету арқылы түзете алады. Бұл жағдайда тадалафил 2,5 мг таблетка түрінде тағайындалады.

Эрлис long жыныстық стимуляция болмаған кезде әсер етпейтінін ескеру маңызды. Сізге және Сіздің серіктесіңізге эректильді дисфункцияға қарсы препаратты қабылдамаған жағдайдағыдай, алдын ала қоздыру қажет болады.

Алкоголь қабылдау эрекцияға қол жеткізу қабілетіңізге теріс әсер етуі мүмкін және артериялық қысымды уақытша төмендетеді. Егер Сіз Эрлис long қабылдаған болсаңыз немесе қабылдауды жоспарласаңыз, алкогольді шамадан тыс тұтынудан аулақ болыңыз (қандағы алкоголь деңгейі 0,08% немесе одан жоғары), себебі бұл тік күйге ауысқанда бас айналу қаупін арттыруы мүмкін.

- **Қуық асты безінің қатерсіз гиперплазиясын емдеу үшін (Эрлис long 5 мг)**

Препарат дозасы тәулігіне бір рет 5 мг бір таблеткадан тұрады, оны тәуліктің бір мезгілінде қабылдау керек. Егер Сізде бір мезгілде қуық асты безінің қатерсіз гиперплазиясы және эректильді дисфункция болса, препараттың дозасы әлі де бір 5 мг таблеткадан тұрады, оны тәулігіне бір рет қабылдау керек.
Эрлис long препаратын тәулігіне бір реттен артық қабылдамаңыз.

Енгізу жолы және (немесе) тәсілі

Эрлис long препаратының таблеткалары тек еркектерде ішуге арналған. Таблетканы аз мөлшердегі сумен ішіп, тұтастай жұтады. Таблеткаларды

тамақтануға қарамастан қабылдауға болады.

Егер Сіз Эрлис long препаратын қажетінен көп қабылдаған болсаңыз
Бұл туралы емдеуші дәрігеріңізге хабарлаңыз. Сізде 4-бөлімде сипатталған жағымсыз реакциялар болуы мүмкін.

Егер Сіз Эрлис long препаратын қабылдауды ұмытып кетсеңіз
Еске түскеннен кейін препараттың дозасын бірден қабылдаңыз, бірақ өткізіп алған таблетканың орнын толтыру үшін қосарлы дозаны қабылдамаңыз. Эрлис long препаратын тәулігіне бір реттен артық қабылдауға болмайды.

Препаратты қолдану бойынша сұрақтар туындаған жағдайда емдеуші дәрігерге хабарласыңыз.

4. Ықтимал жағымсыз реакциялар

Барлық дәрілік препараттар сияқты, препарат жағымсыз реакцияларды тудыруы мүмкін, бірақ олар барлығында бола бермейді.

Егер Сізде келесі жағымсыз реакциялардың кез келгені пайда болса, Эрлис long препаратын қабылдауды тоқтатыңыз және дереу медициналық көмекке жүгініңіз:
- аллергиялық реакция, оған қоса бөртпе (жиі емес)
- көкірек қуысының ауыруы – нитраттарды қолданбаңыз, бірақ дереу медициналық көмекке жүгініңіз (жиі емес)
- приапизм, Эрлис long препаратын қабылдағаннан кейін ұзақ және ауыртатын эрекция болуы ықтимал (сирек). Егер Сізде 4 сағаттан астам уақытқа созылатын осындай эрекция болса, Сізге дереу дәрігерге қаралу керек.
- кенеттен көрмей қалу (сирек), бұрмаланған, күңгірт, анық емес орталық көру немесе кенеттен көру қабілетінің төмендеуі (жиілігі белгісіз).

Басқа тіркелген жағымсыз реакциялар:
Жиі (10 адамның көп дегенде 1-де пайда болуы мүмкін)
- бас ауыруы, арқа ауыруы, бұлшықет ауыруы, қол-аяқтың ауыруы, бетке қан тебуі, мұрынның бітелуі және ас қорытудың бұзылуы.

Жиі емес (100 адамның көп дегенде 1-де пайда болуы мүмкін)
- бас ауыруы, асқазанның ауыруы, жүрек айну сезімі, құсу, рефлюкс, бұлдырлап көру, көздің ауыруы, тыныс алудың қиындауы, несепте қанның болуы, ұзаққа созылған эрекция, жүрек соғуының күшеюі, жүрек соғуының жиілеуі, артериялық қысымның жоғарылауы, артериялық қысымның төмендеуі, мұрыннан қан кету, құлақтың шыңылдауы, қол

ұшының, табанның және табан буындары аймақтарының ісінуі, шаршау сезімі.

Сирек (1000 адамның көп дегенде 1-де пайда болуы мүмкін)

- естен тану, құрысу және өткен оқиғаларды есте сақтай алмау, қабақтың ісінуі, көздің қызаруы, естімей қалу немесе кенеттен нашарлауы, есекжем (тері бетіндегі қышытатын қызыл дақтар), жыныс мүшесінен қан кету, спермада қанның болуы және қатты терлеу.

Тадалафил қабылдаған еркектерде жүрек ұстамалары немесе инсульт жағдайлары сирек кездеседі. Бұл еркектердің көпшілігінде жүрек қызметінің бұзылуы осы препаратты қабылдағанға дейін болған.

Бір немесе екі көзде ішінара уақытша немесе тұрақты нашарлау немесе көрмей қалуы сирек байқалды.

Тадалафил қабылдаған еркектерде клиникалық зерттеулер кезінде тіркелмеген кейбір қосымша жағымсыз реакциялар байқалды. Оларға мыналар жатады:

- бұрмаланған, күңгірт, анық емес орталық көру немесе кенеттен көру қабілетінің төмендеуі (жиілігі белгісіз)
- бас сақинасы, беттің ісінуі, беттің немесе тамақтың ісінуін тудыратын ауыр аллергиялық реакция, терінің ауыр бөртпелері, көздің қан ағымына әсер ететін кейбір бұзылулар, жүрек жиырылуының жүйесіздігі, стенокардия және кенеттен жүректен болатын өлім.

«Бас айналуы» жағымсыз реакциясы тадалафил қабылдаған 75 жастан асқан еркектерге қарағанда жиі кездеседі. Диареяның пайда болуы 65 жастан асқан тадалафил қабылдаған еркектерде жиі байқалды.

Жағымсыз реакциялар туралы хабарлама

Егер Сізде жағымсыз реакциялар туындаса, дәрігермен немесе дәріхана қызметкерімен кеңесіңіз. Осы нұсқау кез келген ықтимал жағымсыз реакцияларға, оның ішінде қосымша парақта аталмаған реакцияларға қолданылады. Сіз сондай – ақ жағымсыз реакциялар туралы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің хабарламалар жүйесі арқылы тікелей хабарлай аласыз. Жағымсыз реакциялар туралы хабарлай отырып, Сіз препараттың қауіпсіздігі туралы көбірек ақпарат алуға көмектесесіз.

Қазақстан Республикасы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК

Мекенжайы: 010000, Астана қ., А. Иманов көш., 13

Телефон: +7 (7172) 23-51-35

Электронды пошта: pdlc@dari.kz

Сайт: http://www.ndda.kz

5. Эрлис long препаратын сақтау

Дәрілік препаратты балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.

Препаратты картон қорапшасында және блистерде көрсетілген жарамдылық мерзімі (сақтау мерзімі) өткеннен кейін қабылдамаңыз. Жарамдылық

мерзімінің өткен күні көрсетілген айдың соңғы күні болып табылады.
Сақтау мерзімі – 3 жыл. 25°С-ден аспайтын температурада сақтау керек.
Препаратты кәрізге тастамаңыз (төкпеңіз). Дәріхана қызметкерінен енді қажет емес препаратты қалай утилизациялау (жою) керек екенін сұрап алыңыз. Бұл шаралар қоршаған ортаны қорғауға мүмкіндік береді.

6. Қаптаманың ішіндегісі және өзге де мәліметтер

Эрлис long препаратының құрамында

Әсер етуші заты тадалафил болып табылады.
Эрлис long 5 мг: Әр таблеткада 5 мг тадалафил бар.
Эрлис long 10 мг: Әр таблеткада 10 мг тадалафил бар.
Эрлис long 20 мг: Әр таблеткада 20 мг тадалафил бар.
Басқа ингредиенттер (қосымша заттар): лактоза моногидраты, микрокристалды целлюлоза, повидон К-30, полоксамер 188, натрий лаурилсульфаты, натрий кроскармеллозасы, сусыз коллоидты кремнийдің қостотығы, магний стеараты, поливинил спирті, макрогол, тальк, титанның қостотығы (Е171), темірдің сары тотығы (Е172) және темірдің қызыл тотығы (Е172).

Эрлис long препаратының сыртқы түрі және қаптамасының ішіндегісі

Үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар
Эрлис long 5 мг: ұзынша, екі беті дөңес, ақшыл-қоңыр түсті үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар.
Эрлис long 10 мг: ұзынша, екі беті дөңес, ақшыл-қызыл сары түсті үлбірлі қабықпен қапталған, бір жағында сызығы бар таблеткалар. Сызығы таблеткаларды бөлуге арналмаған.
Эрлис long 20 мг: ұзынша, екі беті дөңес, ақшыл-қызғылт түсті үлбірлі қабықпен қапталған, бір жағында сызығы бар таблеткалар. Сызығы таблеткаларды бөлуге арналмаған.
1, 4 немесе 14 таблеткадан поливинилхлорид үлбірден және алюминий фольгадан жасалған пішінді ұяшықты қаптамаға салады. 1 немесе 2 пішінді қаптамалар қосымша парақпен бірге картон қорапшаға салынады.

Дәрілік препаратты босату санаты

Дәрілік препарат рецепт арқылы босату санатына жатады.

Тіркеу куәлігінің ұстаушысы

Қазақстан Республикасы
«Химфарм» Акционерлік қоғамы («Химфарм» АҚ)
160019, Шымкент қ., Рашидов көш., 81,
Телефон нөмірі: +7 (7252) 61-01-51
Автожауапбергіш нөмірі: +7 (7252) 56-13-42

Электронды поштасы: complaints@santo.kz

Өндіруші:

Польша

«ПОЛЬФАРМА» фармацевтикалық зауыты АҚ
Нова Дембадағы өндірістік бөлім
Металовца көш. 2, 39-460 Нова Демба

Препарат туралы кез келген ақпарат алу үшін тіркеу куәлігінің ұстаушысының жергілікті өкіліне жүгіну қажет:
Қазақстан Республикасы
«Химфарм» Акционерлік қоғамы («Химфарм» АҚ)
160019, Шымкент қ., Рашидов көш., 81
Телефон нөмірі: +7 (7252) 61-01-51
Автожауапбергіш нөмірі: +7 (7252) 56-13-42

Электронды поштасы: complaints@santo.kz; phv@santo.kz

Басқа да ақпарат көздері

Осы препарат туралы толық мәліметтер тіркелген дәрілік заттардың бірыңғай тізілімінде қамтылады http://eec.eaeunion.org/.

ТІГІЛГЕН, НӨМІРЛЕНГЕН ЖӘНЕ МӨРМЕН БЕКІТІЛГЕН /
ПРОШИТО, ПРОНУМЕРОВАНО И СКРЕПЛЕНО ПЕЧАТЬЮ
_____(на 8 листах)
ПАРАҚ / ЛИСТОВ
КҮНІ / ДАТА 22.02.2026